

Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 қазандағы № 1147 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 604 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.10.2016 № 604 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану тізбесі бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде дара кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар өз қызметін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнатуды қамтамасыз етуге, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауға міндетті жекелеген қызмет түрлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1743 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 6, 142-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 29 қазандағы
№ 1147 қаулысымен
бекітілген

Жекелеген қызмет түрлерінің және төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) қолдану

тізбесі

Р/с №	Қызмет түрі
1	2
1	Автомобильдер мен мотоциклдерді көтерме және бөлшек саудада сату, оларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
2	Көтерме және бөлшек сауда
3	Қонақ үйлердің қызмет көрсетуі
4	Мейрамхана қызметтерін көрсету, тамақтануды ұйымдастырудың өзге де түрлері мен сусындар беру
5	Әуе және темір жол көлігіне жол жүру құжаттарын (билеттерді), багаж және жүк-багаж түбіртектерін сату
6	Жүктерді көліктік өңдеу, қоймаға жинау мен сақтау жөніндегі қызметтерді ұсыну, тасымалдау жөніндегі қосымша көрсетілетін қызметтер және жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер
7	Туризм саласында көрсетілетін қызметтер ұсынатын туристік операторлардың және өзге де ұйымдардың қызметі (туристік агенттерден басқа)
8	Сақтандыру саласындағы қызмет
9	Денсаулық сақтау саласындағы қызмет
10	Білім беру саласындағы қызмет
11	Кинофильмдерді, бейне және телевизиялық бағдарламаларды тарату жөніндегі қызмет, кинофильмдерді көрсету
12	Фитнес, спорттық клубтар, дискотекалар қызметі
13	Құмар ойындарын және бәс тігуді ұйымдастыру жөніндегі қызмет
14	Боулинг (кегельбан) және бильярд бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну

Е с к е р т п е :

Көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыратын жерлерде төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді қабылдауға арналған жабдық (қондырғы) орнату мен қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып қабылдау өзі өндірген ауыл шаруашылығы өнімдерінің, өзі өндірген акваөсіру (балық аулау) өнімдерінің көтерме және бөлшек саудасы саласында қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және (немесе) заңды тұлғаларға, жылжымалы сөрелер, автодүкендер, шатырлар, дүңгіршектер, контейнерлер арқылы және сауда базарларының аумағында асырылатын қызметке қолданылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК